



Бастау

Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издаётся с 28 июня 1999 года

№ 8 (854)

27 ақпан 2015 жыл

Жұма

**ГЛАВА ГОСУДАРСТВА
НУРСУЛТАН НАЗАРБА-
ЕВ ПОДПИСАЛ УКАЗ О
ПРОВЕДЕНИИ ВНЕ-
ОЧЕРЕДНЫХ ВЫБО-
РОВ ПРЕЗИДЕНТА РК.
ОНИ ПРОЙДУТ 26 АП-
РЕЛЯ 2015 ГОДА.**



«Қазақстан халқы Ассамблеясы – 20 ізгі іс» республикалық эстафетасының бас белгісі болып «Тайқазан» белгіленді. Түркістан қаласынан бастау алған Тайқазан республиканың барлық өңірлерін аралап, ішін ізгі істерге толтырып, сәуір айында өтетін Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясының ашылуы қарсаңында Астана қаласына оралады.

ЕЛДІҢ БІРЛІГІ МЕН БЕРЕКЕСІНІҢ СИМВОЛЫ - ТАЙҚАЗАН



Алакөл ауданында

«Қазақстан Халқы Ассамблеясы – 20 ізгі іс» эстафетасының символы Тайқазанды өткен жұмада Алакөлден аудан әкімі Күлпаш Байтаева бастаған бір топ Қараталдықтар қасиетті жерімізге жеткізді. Елдің бірлігі мен берекесінің символы аудандық мәдениет Үйінің төріне салтанатты түрде орналастырылды. Қаратал ауданына жеткізілгенге дейін Тайқазан Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарында болды. Кеше, 26 ақпанда Тайқазанды табыстаудың салтанатты шарасы аудандық мәдениет Үйінде өтті. Қасиетті Тайқазан ізгі істер сапарын жалғастыру мақсатында құрметпен Ескелді ауданына табысталды.

(Толығырақ газетіміздің ендігі санында)

Разрешите напомнить

В этом году Международный женский день 8 марта выпадает на воскресенье. Согласно Закону «О праздниках», понедельник, 9 марта, будет выходным днем.

Наурыз мейрамы отменяется с 21 по 23 марта. 21 и 22 марта выпадают на субботу и воскресенье и переносятся на 24 и 25 марта соответственно. Таким образом, в марте отдыхаем 7-9 и с 21 по 25 марта.

Сәрсенбінің сәтті күнінде аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында Үштөбе орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің 2014 жылы атқарған жұмыс қорытындысы және 2015 жылғы өрт қаупі маусымына дайындық туралы жиналыс болып өтті. Дәстүрлі жиында басқарма мамандары, мемлекеттік мекеме қызметкерлері, қала, ауыл округ әкімдері, төтенше жағдайлар және аудандық ішкі істер бөлімінің мамандары, шаруа қожалықтардың басшылары, «Қазәуорманқорғау» базасының маманы және БАҚ өкілдері қатысты. Сонымен қатар Алматы облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының бастығы Керімбек Жаңшабай, ТРЖТҚРБ орман шаруашылығы бөлімінің бастығы Нихматжан Кузубаев, Авиация орман қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасының аға ұшқышы Мұрат Базарбаев қатысты. Басқосуды аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Тасыбаев ашып, жүргізіп отырды.

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Негізгі баяндаманы Үштөбе орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесінің директоры Нұрлан Макенов жасады. Ол өткен жылы атқарылған жұмыстар жайлы айта келе, соңғы жылдары орман шаруашылығының тынысына мемлекеттік тұрғыдан ерекше көңіл бөлініп отырғанын да айтты. - Табиғат біздің ертеңіміз, болашағымыз, сондықтан да табиғатты қорғау, оған жанышылдықпен қарап көзіміздің қарашығындай сақтау - біздің міндетіміз. Осы орайда біздің мекеміміз орманды алқапты молайту, өрттен, заңсыз кесуден, тағы да басқа табиғат заңнамаларын бұзудан және жануарлар дүниесін қорғауда азды-көпті өз үлесін қосып келеді. Мемлекеттік мекеміміздің 779408 гектар жері бар, оның ішінде орманды алқап - 107424 гектар. Мекеміміз 2 орман бөлімшесінен тұрады: Мойынқұм орманшылығы – құмды алқаптағы сексеуілді ормандар, көлемі - 478269 мың гектар және Қаратал орманшылығы - Қаратал өзенінің бойындағы тоғайлы ормандар. Бүгінгі күнге барлық аумақта 39 айналым бар, оны 39 орман күтуші күзетеді. Орман күтуші тұратын 7 кордон бар. Осы жерде айта кететін бір мәселе - 2003 жылдан бастап орман шаруашылығы мекемелері облыс әкімінің құзырына өткелі көп өзгерістер болды: материалдық-техникалық жағдайымыз жақсарды, мекемімізге қажетті өрт сөндіретін және жүрдек автокөліктер, тракторлар, мініс аттар, мотоциклдер, байланыс құралдары және басқа да техникалармен қамтамасыз етілді. Сонымен қатар бізге қосымша жұмысшылар беріліп, штат кестесі бойынша қызметкерлер саны көбейіп жатыр. 2010 жылдың басында орман күтушілер саны 22 адамды құраса, бүгінгі таңда 39 адамға жетіп отыр. Ауданымызда ішкі істер

бөлімі және аудандық прокуратурамен табиғат байлығын заңсыз жолмен қолданушыларға, аңшылық ережелерін бұзу, заңсыз ағаш кесушілерге қарсы бірлескен жұмыс жоспары жасалған. Былтырғы жылы мемлекеттік мекеме қызметкерлерімен рейд өткізу кезінде 33 орман заңдылығының бұзылғаны анықталды, оның ішінде: 18- заңсыз аң аулау ережесін, 15- орман заңдарын бұзу тіркелген. Оның барлығы жеке тұлғалармен жасалған. Әкімшілік жаза қолдану барысында 185 мың 940 теңге айыппұл салынып, толығымен өндіріліп алынды.

2014 жылы Үштөбе орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесімен 200 текше метр жұмсақ жапырақ ағашы (тал) өзге ағаш дайындау мақсатында дайындалған. Орман Кодексінің 18 бабына сәйкес біздің мемлекеттік мекеме орманды молайтыру және орман өсіру саласында былтырғы жылы орманның табиғи түлеуіне жәрдемдесу жұмыстары IV тоқсанда 685,4 га жерде жүргізілді, қара сексеуілді көшетпен отырғызу тәсілін қолданып 30 гектар орман қоры жерінде сексеуіл көшеттері отырғызылды, 100 гектар жерге сексеуіл егу жұмыстары жүргізілді. Сексеуіл тұқымы 400 кг көлемінде қазан айында дайындалды.

Орман тұқымбағын дамыту – орман қорын молайтудың басты кепілі болып саналады, сондықтан

КЕЛУШІЛЕР МӘСЕЛЕСІ ОҢ ШЕШІЛДІ

Қазіргі таңда «Нұр Отан» партиясының қоғамдық қабилдауына өз мұқтажын айтып, басқа да қоғамдық мәселелерді көтеріп келетін адамдардың қатары аз емес.

«Нұр Отан» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбектің талабы бойынша, барлық филиал-



дардың қоғамдық қабылдау бөлімдерінің жұмыс кестелері дайындалып, бекітілген. Арнайы кестеге сәйкес «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалының қабылдау бөлімінде аудандық мәслихат депутаттары тұрақты түрде қабылдау жұмыстарын жүргізуде. Келген әрбір азамат өз өтініш-ұсыныстарының нақтылы қолдау табатынына, нәтижелі аяқталатынына сенім артып келеді.

Осындай қабылдауды 25 ақпанда «Нұр Отан» партиясы Қаратал аудандық филиалында аудандық мәслихат хатшысы Б. Смаилов жүргізді. Бұл жолы Бақыт Жексембіұлының жеке қабылдауына Үштөбе қаласының тұрғындары, 2-ші топ мүгедегі Бұтабаев Нұрболат, 3-ші топ мүгедегі Фариза Ибрагимова өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын қойды. Өтініштерін мұқият тыңдаған аудандық мәслихат хатшысы Бақыт Жексембіұлы келушілерге толыққанды жауап берді. Сондай-ақ, қоғамдық қабылдау барысында келген азаматтардың арызшағымдары қарастырылып, біразы оң шешімін тапса, бірқатар өтініш иелеріне заңды кеңес берілді.

С. ДӘРКЕНБАЕВА

Кәсіпкерлер елге қарай беттерін бұрып, әлеуметтік нысандар салса деген Елбасының саясаты бар. Осы қағиданы іске асыра келе, «Гүлім и К» ЖШС-ның басшысы, жеке кәсіпкер Қанат Жұлынов аудан орталығында жаңа қоғамдық монша ашты.

Монша ашылды

Өткен аптада, нақтырақ айтсақ 18 ақпанда Үштөбе қаласының тұрғындары үлкен қуанышқа бөленді. Кейінгі жылдары аудан орталығында өткен ғасырдың 30-шы жылдары салынған, теміржолға қарасты бір-ақ монша халыққа қызмет көрсетіп келіп еді. Жаңадан іске қосылған моншаның ерлер залында 28, әйелдер жағында да соншама адам қатар кіру мүмкіндігі бар. Моншаның кіре беріс залы үлкен, киінетін, жуынатын, бу бөлмелері кең, әрі арнайы санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жабдықталған. Сонымен қатар отбасылық бөлме де қарастырылған. Моншаның әр бөлмесінде шайхана жұмыс жасайды. Жақын арада шаштараз да ашылмақ. Қажетті коммуникациялар тартылған, көктемде аймақты абаттандыру жұмыстары басталады. Ең бастысы, 15 адам тұрақты жұмысқа орналасты.

Билет бағасы – 600 теңге, 3 жасқа дейін балаға – 300 теңге. Жеңілдіктер де қарастырылған. Атап айтсақ, ҰОС қатысқандарға – тегін, зейнеткерлерге бейсенбі сайын билет құны 300 теңге. Қоғамдық монша бейсенбі – жексенбі күндері, ал саунасы бар отбасылық бөлімі – күнделікті және тәулік бойы тұрғындарға қызмет көрсетеді. Бұл бөлмеге бір сағатына 3000 теңге төлеп, он адамға дейін кіруге болады. Жаңадан бой көтерген нысанның ашылу салтанатына аудан әкімі Қайрат Бисембаев, мәслихат хатшысы Бақыт Смаилов қатысып, қала тұрғындарын мерекелерімен құттықтап, жүрек жарды лебіздерін жеткізді. Ақсақалдар бата беріп, ақ жаулықты аналар шашу шашты.

С. СӘРСЕНҚҰЛҚЫЗЫ



орман тұқымбағындағы көшеттерді өсіруге ерекше көңіл бөліп, жылдан-жылға оның ассортимент түрлерін көбейтіп, сұранысы бар көшеттерді өсіру негізгі талап болып отыр.

2009 жылдан бері ұйымдастырылған уақытша тұқымбағымызда өсетін көшеттердің ассортименті жылдан жылға жергілікті халықтың сұранысы бойынша отырғызылады. Тұқымбағымызда теректің аналық плантациясы, алмаағаш, емен, декоративтік тал, шаған, қарағай, қайың, қараған, аморфа, катальпа бар және 2 га жер қара сексеуіл тұқымымен себілген. Биылғы жылы терек қалемшелерін отырғызу, қарағаш тұқымдарын егу және басқа декоративтік бірнеше ағаш түрлерін көбейтіп отырғызсақ деп жоспарлаудамыз. Сонымен қатар, мекеміміздің негізгі жұмыстарының бірі-жабайы жануарлар мен құстарды қорғап, өсімін молайту, қасалықпен орман заңдылығын бұзушылардың алдын алу және биотехникалық шаралардың

жүзеге асыруы болып табылады. Мекемедегі орман өртін сөндіру станциясында екі өрт сөндіру техникасы бар, оның біреуі орман өртін сөндіру станциясында, біреуі Қаратал өзенінің сол жақ жағалауында Қаратал орманшылығының № 9 айналымында орналасқан. Орман өртін сөндіру станциясында төрт ерікті өрт сөндіру бригадалары құрылған, олар өрт болған жағдайда, үнемі дайын отырады. Барлық бригада мүшесіне портативтік рация бекітілген. Үштөбе орман шаруашылығы мемлекеттік мекемесі жерінде: 2 өрт қадағалау мұнарасы бар, Қаратал өзенінің бойында бірнеше жерде демалу орындары, темекі шегу орындары, автокөлік тұратын орындар орнатылған. Тікұшақ қонатын алаңдар әр айналымдарда дайындалған. Барлық айналымдарда көліктері және өртке қарсы қолданылатын құрал-

жабдықтары бар. 2014 жылы мемлекеттік орман қоры жерінде орман өрті болған жоқ.

Қаратал ауданы әкімінің 2013 жылдың 19 ақпанында «Қаратал ауданы аумағындағы дала және орман өрттерін сөндіру барысында 2013-2015 жылдарға әрекеттестік жасау жоспарын бекіту туралы» № 52 Қаулысы бойынша жұмыстар атқарылды. Ормандарды өрттен қорғау, оны болдырмау барысында әр ауылдық округтерде 7-8 адамнан тұратын ерікті өрт сөндірушілер жасақтары құрылды, оның ішінде қолданылатын техника бекітілді; орман қоры жерінде орналасқан «Көпбірлік» және «Қаратал» аң шаруашылықтарымен өртке қарсы жоспарлар және өрт сөндіруге қарсы профилактикалық шаралар ұйымдастырылып бекітілді. Жоспарланған минералдандырылған жолақ 5 шақырым жерге жасалынды және 130 шақырым жердегі минералдандырылған жолаққа күтім жұмыстары жүргізілді - дей келе, «құрметті әріптестер, құрметті шақырылған қауым, есебімді қорыта келе, тағы да айтарым-туған табиғатымыздың өсіп өркендеуіне үлкен жауапкершілікпен қарап, табиғатты қорғау жұмыстарын бірлесіп жасайық», - деді Н. Макенов.

Келесі кезекте баяндаманы талқылауға ауылдық округ әкімдері, орман күтушілер, полиция мекеме қызметкерлері, шаруа қожалықтары және аудандық бөлім басшылары қатысты. Барлық сөйлеушілер өткен жылғы атқарылған жұмыстарға оң баға берді.

Жиын соңында дәстүр бойынша марапаттау рәсімі өтті. Аудан әкімінің Алғыс хатымен, мекеме басшысының алғысымен және бағалы сыйлықтармен марапатталғандардың қатарынан орман күтуші Асан Парманбеков, мекеме инженері Шынар Мейрманова, төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Ерлан Ахашев, Авиациямен орман қорғау және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасының аға ұшқыш бақылаушысы Мұрат Базарбеков, «Көпбірлік» аумақтық аңшылар және балықшылар одағының төрағасы Василий Мартынов, еңбек ардагері, зейнеткер Құрманғали Малайбеков, Үштөбе орман шаруашылығы ММ маманы Мөлдір Күлімбетова, орман шеберлері К. Әлімбеков, Қ. Молдахметов, С. Қалжанов, орман күтушілері Н. Бышин, А. Захарченко, Ж. Джандәулетов, А. Вагнер, С. Фоменко, Ә. Назарұлы көрінді.

Бастау ақпарат

Вряд ли можно встретить семью, которой не коснулась в свое время Великая Отечественная война. В каждой из них есть свои герои, вернувшиеся с фронта или навечно оставшиеся на полях сражений. Словно бесценные реликвии хранятся сейчас в таких семьях фронтовые письма, фотографии и награды. Когда листаешь пожелтевшие от времени документы, перед глазами будто бы оживает судьба человека.



Расскажите детям об отцах



М. Бобрышев

Так, накануне 70-летия Победы о своем отце, Бобрышеве Максиме Яковлевиче, рассказала наша постоянная читательница Нохрина Анна Максимовна.

- Я хорошо помню тот день, 11 ноября 1941 года, когда папа уходил на фронт. Мне было лет 14 и мы жили в совхозе № 3 (ныне Коксу), а призвали его Каратальским военкоматом. Кругом было столько людей, стояла такая суета. Кто-то плакал, другие прощались. Машины были битком набиты новобранцами, которых тут же увозили на станцию. Всем было тяжело на душе. Когда он на прощание обнял нас с матерью на уштобинском перроне, я даже боялась думать, что больше не увижу отца. К сожалению, так и получилось.

О дальнейшей судьбе Максима Бобрышева рассказывают лишь страницы полевой почты. Известно, что вернувшись 22 марта 1943 года из госпиталя, он получил под командование взвод. В своем полевом дневнике он написал «Бойцы к бою готовы. В 24.00 идем брать высоту 120...». Буквально через пару дней его семья получит извещение, которую в народе прозвали «похоронкой». До сих пор на ней видно каждое слово, написанное твердым почерком начальника штаба: «Ваш муж, красноармеец Бобрышев Максим Яковлевич, уроженец Алма-Атинской области... в бою за социалистическую Родину, верный воинской присяге, проявив мужество и героизм, погиб 22 марта 1943 года и похоронен у высоты 195 возле села Гуни, Слободского района, Смоленской области». Максиму Бобрышеву было 43 года...

Анна Максимовна рассказывает, что в 1976 году специально ездил под Смоленск и побывала на братской могиле, где похоронен отец. Благодаря ее рассказам, дети свято чтят память своего деда, как и миллионов советских солдат, отдавших жизнь ради мира на земле.

Молодые годы супруга Анны Максимовны, Николая, тоже были опалены войной. После демобилизации в 1946 году он вернулся в родной Уштобе. Ранения, полученные им на фронте, конечно, давали о себе знать, но Николай Михайлович продолжал трудиться и в сентябре 1975 года вышел на заслуженный отдых. Через месяц тяжелая болезнь унесла его жизнь на 60-м году. Многие численные боевые награды своего мужа, среди которых юбилейные медали, медаль «За победу над Германией в ВОВ», «За оборону Москвы» благодарности руководства Анна Максимовна также бережно хранит.

А. БУЛАВИН

Интересные факты Великой Отечественной войны

В 1942 году, крестьянин Матвей Кузьмин, совершил подвиг в возрасте 83-х лет, повторив подвиг другого крестьянина – Ивана Сусанина, который зимой 1613 года завел отряд польских интервентов в непроходимое лесное болото. Командир немецкого батальона потребовал Кузьмина выступить проводником, пообещав за это денег, муки, керосина, а также охотничье ружье. Кузьмин согласился. Предупредив через 11-летнего внука Сергея воинскую часть Красной Армии, Матвей долго водил немцев окольной дорогой и наконец вывел вражеский отряд к засаде в деревне Малкино под пулемётный огонь советских воинов. Отряд фашистов был уничтожен, но сам Кузьмин был убит немецким командиром.

Районный отдел занятости и социальных программ доводит до сведения жителей Каратальского района, имеющих инвалидность 1 и 2 групп, что со 02 марта 2015 года в районе будет действовать служба «Инватакси».

В районе появится служба «Инватакси»

Данный автомобиль оснащен специальным гидравлическим устройством для посадки и высадки, и приспособлениями для фиксации кресел-колясок. Оказание услуг инватакси осуществляется местным исполнительным органом (ГУ «Отдел занятости и социальных программ Каратальского района» далее Отдел) через государственной социальный заказ в соответствии с законодательством о государственных закупках.

Служба «Инватакси» разработана согласно Приказа Министерства транспорта и коммуникаций РК от 01.11.2013 года за № 859 «Об утверждении Правил оказания услуг по перевозке инвалидов автомобильным транспортом».

Показаниями к оказанию услуг инватакси являются: 1) медицинские показания к предоставлению социальных услуг индивидуального помощника, утвержденные постановлением Правительства РК от 20 июля 2005 года № 754 «О некоторых вопросах реабилитации инвалидов»; 2) медицинские показания для обеспечения комнатной и прогулочной кресло-колясками, утвержденные постановлением Пра-

вительства РК от 20 июля 2005 года № 750 «Об утверждении Правил проведения медико-социальной экспертизы».

Основанием для предоставления услуги инватакси инвалидам является заключение медицинской организации, выданное на срок установления инвалидности. В перечень объектов и пунктов назначения для предоставления услуг инватакси входят место работы, учебные заведения инвалидов, местные представительные и исполнительные органы, суд, прокуратура, объекты социальной сферы, юридические консультации, нотариус, медицинские учреждения (за исключением случаев оказания срочной или неотложной медицинской помощи), аэропорты, железнодорожные вокзалы, организации, оказывающие специальные социальные услуги. Служба инватакси будет действовать на территории района.

Более подробную информацию можно узнать на сайте акима района (отдел занятости и социальных программ). Заказы принимаются диспетчерской службой по телефону 2-03-66.



«Казахский национальный университет – это основная центр подготовки кадров независимого Казахстана»

Н. Назарбаев

ИДЕМ УЧИТЬСЯ В КазНУ

В настоящее время для выпускников школ наиболее актуальным становится вопрос как выбора специальности, так и выбора учебного заведения. Каждый из нас заинтересован в получении максимально качественного образования. Думаем, что ни у кого не вызовет сомнения, что одним из таких учебных заведений является Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, основанный 15 января 1934 года. В становлении университета оказали помощь ВУЗы Москвы, Ленинграда, Казани и Украины. С деятельностью университета была связана педагогическая деятельность таких ученых, как Ауэзов М. О., Габдуллин М., Тажибаев Т. и других известных ученых и общественных деятелей. Каз НУ – это вуз с богатыми традициями и многолетним опытом учебной и научной работы. В университете функционируют 14 факультетов, 98 кафедр, 20 научно-исследовательских институтов и центров. Это целый

научный комплекс. В преподавательском составе более 2 тысяч профессоров, докторов и кандидатов наук, более 30 заслуженных деятелей РК, более 100 академиков. Вуз сотрудничает с 418 крупнейшими вузами мира. Здесь действуют совместные международные программы обучения, проведения стажировок и обмена студентами. Каз НУ им. Аль-Фараби – лидер Генерального рейтинга вузов Казахстана и первый в истории страны лауреат премии Президента РК «За достижения в области качества». В минувшем году вузу присвоен рейтинговый класс «С», означающий высокий уровень подготовки студентов. Каз НУ включает: бакалавриат, магистратуру, аспирантуру и докторантуру. Миссией университета является формирование кадрового потенциала, специалистов новой формации, соответствующих современным требованиям и стандартам развития. Прием осуществляется по государственным образовательным грантам и на договорной основе.

Хочется подробно остановиться на одном из ведущих факультетов. В сентябре 2010 года факультет экономики и бизнеса был переименован в Высшую школу экономики и бизнеса (ВШЭБ). Это крупнейшее подразделение вуза. Факультет осуществляет подготовку высококвалифицированных



специалистов по специальностям: экономика, финансы, менеджмент, государственное и местное управление, маркетинг, учет и аудит. Все эти специальности сегодня весьма востребованы. Следует отметить, что в обществе сформировалось довольно узкое понятие о специальности «государственное и местное управление». На самом деле она очень значима в современных условиях отечественной и мировой экономики. Сферой деятельности выпускников данной кафедры является реальный сектор экономики, бизнес, банковская система. Выпускники могут выполнять функции при осуществлении управленческой, предпринимательской, финансовой деятельности на хозяйствующих субъектах. Объектами являются органы государственного управления, фирмы, организации и т.п. Выпускники ВШЭБ имеют большой спрос, успешно трудятся в администрации Президента РК, в парламенте и правительстве.

Знания – это сила, которая двигает общество вперед и лишь она делает наше с вами будущее светлым.

Г. САНСЫЗБАЕВА, доктор экон. наук, профессор А. МЫЛТЫКБАЕВА, эдвайзер, ст. преподаватель кафедры «Менеджмент и маркетинг», А. МАКЕНОВА, студентка 4-го курса Каз НУ

Кәсіпкерлерді қолдау мақсатында

Ақпан айының 18-де аудан әкімдігінің мәжіліс залында кәсіпкерлік бөлімінің ұйымдастыруымен кәсіпкерлерді және өз ісін бастағысы келетін халықпен кездесу болып өтті. Шараға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының мобильді тобының мүшелері, аудандық кәсіпкерлік бөлім қызметкерлері, кәсіпкерлікті қолдау орталығының кеңесшілері қатысты.



Шараға қала мен ауыл округтерінен келген халық қарасы көп болды. Басқосудың мақсаты – өз ісін ашып, несие алған жағдайда, сол сияқты мемлекет

тарапынан қандай қолдаулар мен жеңілдіктер бар екендігін түсіндіру болды. Жиын барысында сөз алған мобильді топтың кеңесшісі Ыбырай Мендібаев қараталдықтарға несие беру тәртібінің өзгерістері жайлы айтты. Атап айтсақ, 2015 жылға дейін кәсіпкерлерге тек өндіріске беріліп келген несиелер, енді «Шағын Қалалар» бағдарламасы бойынша сауда – саттық үшін де берілетінін айта келе, мемлекеттік бағдарлама бойынша несие алғанда банк алдында кәсіпкерлердің кепіл заты жетіспеген жағдайда кәсіпкер – «ДАМУ» қорының ішінара кепілдігін пайдалана алатындығын тілге тиек етті. Сол сияқты кәсіпкерлерге субсидия берілетіндігін атап өтті. Өз кезегінде кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Г. Байғазинаова жиылған жұртқа инновациялық жоба бойынша мемлекеттен 3 млн-ға дейін қайтарымызсыз «Грант» берілетінін айтты және де басқада елдің көкейінде жүрген мәселелер бойынша мағұлыматтар берді. Кездесуге жиналған халық өз ойларын мазалап жүрген сауалдарын қойып, тұжырымды жауаптар алды. Кездесуден кейін мобильді топ Үштөбе қаласының сауда орталықтарын аралап, кәсіпкерлермен кездесіп, бизнес жайлы кеңестерін берді.

Кәсіпкерлер өз сұрақтарын 8-707-200-20-87 (Қобыланды), 8-777-292-77-15 (Анара) тел. арқылы қоюларына болады.

А. ЕРБАЛАНОВА

В Каратальском районном управлении по защите прав потребителей состоялся круглый стол с участием представителей правоохранительных органов, руководителей организаций, занимающихся перевозкой пассажиров.

ЗАЩИЩАЯ НАШИ ПРАВА

В ходе совещания руководитель УЗПП Владимир Маркевич задал ряд вопросов участникам заседания. Они касались количества зарегистрированных в районе служб такси и соблюдения ими всех технических и медицинских норм, установок фиксированной оплаты при перевозке пассажиров. Не остались без внимания вопросы установки в автомобилях детских кресел, принятия мер к таксистам, создающим заторы в центре города, препятствующих проезду к рынку, торговым домам и многие другие.

Компетентными лицами были даны исчерпывающие ответы. В частности, инспектором ОАП Каратальского РОВД старшим лейтенантом полиции Марленом Наурызбаевым говорилось о проводимых разъяснительных работах, касающихся безопасной перевозки детей на автотранспорте, о выс-

тавляемых специальных дежурных нарядах для предотвращения аварийных ситуаций, об организации пешеходных переходов для безопасности населения и установки «лежачих полицейских» на



Н. ИВАНОВА

Қаратал аудандық сотының хабарландыруы

Қаратал аудандық соты білігінің беделін, ашықтығы мен тиімділігін арттыру мақсатында өз ғимаратында наурыз айының 03 және 27-сі күні сағат 09:00-13:00-ға дейін «Ашық есік күні» өткізілетіндігін хабарлайды.

Сонымен қатар, Қаратал аудандық сотының төрағасы Жарас Себжанұлы Арыстанбеков азаматтарды әр сейсенбі мен сәрсенбі күндері сағат 9.00-дан 12.00-ге дейін, бейсенбі мен жұма күндері сағат 9.00-дан 17.00-ге дейін қабылдайтынын хабарлаймыз. Сенім телефоны: 2-21-47.

Соттың мекен-жайы: Үштөбе қаласы, Абылай хан көшесі, 70 «а»

Е.ТАСБОЛАТОВ, Қаратал аудандық сотының баспасөз қызметі

Чемпионат района по волейболу (положение команд после V и VI туров)

I ПОДГРУППА

№	команды	и	в	п	очки
1	Стрела	6	6	-	12
2	Күзет қызметі	6	5	1	10
3	АО «Қаратал»	4	4	-	8
4	СПШ Фрунзе	7	4	3	8
5	30131 ә/б	6	2	4	4
6	Қызылбалық а/о	7	2	5	4
7	Айту би а/о	7	1	6	2
8	Ескедді а/о	7	-	7	0

II ПОДГРУППА

№	команды	и	в	п	очки
1	Кәлпе	7	7	-	14
2	Тастөбе а/о	6	4	2	8
3	Білім бөлімі	4	3	1	6
4	Бастөбе а/о	6	3	3	6
5	Балпық а/о	5	3	2	6
6	Қаңбақты а/о	6	2	4	4
7	Елтай а/о	7	1	5	2
8	ІІБ	6	-	6	0

80-летию США имени Лермонтова

В судьбе каждого человека есть своя школа, которая ведет не только в страну знаний, но и учит жизни, является истоком становления.

ИСТОЧНИК ПРОЧНЫХ ЗНАНИЙ

В далеком 1934 году в колхозе имени Дзержинского прозвонел звонок для детей - переселенцев. Это было одно из ярких событий для жителей колхоза, да и всего района. Первые шаги школы и ее коллектива под руководством Трошина Федора Петровича были сопряжены с рядом трудностей, но было такое огромное желание и стремление учить и учиться, что остальное казалось не столь существенным. Время шло своим чередом - состоялся и первый выпуск (1938 год) 4-х летней школы имени Дзержинского (первоначально школа носила это имя), а на следующий, 1939 год, школу переводят на Кирпичный завод. Директором семилетней школы становится Осадчий Михаил Степанович. Школьные годы незабываемы. Но особенно волнующими и тревожными они стали для выпускников военных лет, для тех, кто после окончания школы хотел учиться дальше, но со школьной скамьи, сменив школьную форму на солдатскую гимнастерку, уходили на фронт. И Федор Трошин, и Михаил Осадчий в числе первых ушли защищать Родину. Завода о подрастающем поколении была возложена на хрупкие плечи женщин-учителей. Руководила школой в это сложное время Н. Заболоцкая.

Закончилась война. Вернулись домой солдаты, чтобы строить новую жизнь. Они были молоды, энергичны, полны сил и надежд. Это Н. Г. Казаков, М. М. Нигматулин, Н. И. Поздняков, Ф. Ф. Шадрин и другие. Таким был и Грачев Михаил Емельянович, который долгие всех директоров возглавлял коллектив семилетней, а затем и восьмилетней школы с 1946 по 1979 гг. Он, требовательный во всем, воспитал целую плеяду ярких представителей разных профессий. В 1980 г. Михаила Грачева сменяет его выпускница Лидия Петровна Волошук. Строгая к себе, она была весьма заботлива к педагогам, с особым трепетом поддерживала индивидуальные профессиональные качества каждого учителя. В 1988 школа становится девятилетней, а с 1991 года - средней. С 1992 по 1998 годы коллектив средней школы имени Лермонтова возглавлял Лукин Юрий Михайлович. В памяти своих коллег он навсегда останется образцом преданности своему делу, высокого профессионализма во всем. В разные годы школу возглавляли и такие грамотные, знающие свое дело директора, как: Шин В. В. (1998 - 2000 гг.), Акишева Ж. М. (2000 - 2002 гг.), Захаров В. А. (2002 - 2004 гг.), Нам Г. Д. (2008 - 2010 гг.), которые внесли свой неоценимый вклад в воспитание молодого поколения. Накануне знаменательной для школы даты, мы не можем не вспомнить о ветеранах педагогического труда. О людях, которые отдали всё самое лучшее и светлое Школе, о людях, которые долгие годы делают с нами все праздники и будни, о людях, которые стоят у самых истоков славной истории нашей школы. Их вклад в воспитание и просвещение молодого поколения трудно

переоценить. В свое время в этих стенах трудились мастера своего дела, такие как Позднякова А. Д., Сидорова А. В., Зарецкая Н. С., Адарич А. Б., Липаева В. Ф. - учитель биологии и географии, Демидова Л. Н. - учитель русского языка и литературы, Аксенова А. В. - учитель математики, Дворянкина Н. П. - учитель начальных классов.

Роль учителя всегда была важнейшей как в системе образования, так и в жизни каждого человека. От учителя зависит то, в каких красках будет раскрашен окружающий мир, с какими знаниями дети войдут в эту жизнь после окончания школы. Учитель помогает каждому ребенку раскрыть свои способности, развить свой творческий потенциал, стать личностью и достойным гражданином



своей страны. Наша школа представлена, прежде всего, влюбленными в свое дело учителями. Они обобщают свой опыт не только среди коллег района, но и области. Это учителя: Акишева Ж. М. - заместитель директора по УР, Мурзаканова Л. А. - учитель казахского языка и литературы, Шадрин М. Н. - учитель начальных классов, Шадрин В. Ф. - учитель ИЗО, черчения и технологии, Захаров В. А. - учитель биологии и химии, Идрышева Г. С. - учитель истории, Липаева Е. Г. - учитель русского языка и литературы, Дюсенбаева Р. Н. - учитель физической культуры, Новикова Л. В. - учитель физики, Дюсенбаева А. Н. - учитель начальных классов, Ли Н. В. - учитель английского языка. Наша школа является хранительницей традиций, бесценного педагогического опыта, накопленного учителями-профессионалами за всю ее восьмидесятилетнюю историю. Не удивительно, что часть педагогов нашей школы - это ее вчерашние выпускники, идущие по стопам своих наставников: в настоящий момент 6 выпускников успешно работают в школе. Среди выпускников есть также ученые, деятели литературы и искусства, врачи, инженеры и рабочие.

80 лет... это много или мало? Думаю, что много, так как тысячи выпускников получили в стенах нашей школы знания, умения, добрую поддержку и заботливое внимание учителей, а также жизненную закалку. Для каждого поколения она была своей,

особенной, всегда родной и любимой. И в то же время 80 лет - мало, так как она по-прежнему молода, богата на таланты, изобретательскую инициативу, творчество и новизну. Педагогический коллектив нашего образовательного учреждения отличается безудержной работоспособностью, стремлением к новым высотам. Благодаря всем этим качествам, школа всегда в процессе развития. Думаю, не будет преувеличением сказать, что в современных условиях к проблемам образования, так или иначе, имеет отношение каждый человек. Ведь школа для народа - это опора. В этой связи особую актуальность приобретают формирование новой образовательной среды, безопасность функционирования учреждения, организация качественного медицинского обслуживания, питания, взаимодействие образовательных учреждений с иными организациями социальной сферы, создание безбарьерной среды.

Средняя школа имени Лермонтова имеет богатую достойную историю длиной в 80 лет, внося существенный вклад в реализацию программ просвещения населения, развития науки и культуры Казахстана. Дорогим подарком к знаменательной дате стало строительство нового здания школы, которая распахнула двери 1 сентября 2013 года - новая, красивая, уютная, оснащенная самым современным оборудованием. В ней есть все для успешной работы педагогов и обучения детей. Видный политический деятель начала XX века Георгий Плеханов говорил: «... Давно замечено, что таланты являются всюду и всегда, где и когда существуют условия, благоприятные для их развития». И, действительно, получаешь необыкновенное наслаждение, работая в таких условиях. Ведь каждый сантиметр здания и участка школы - дышит современностью, новизной и красотой. Мы, коллектив учителей, учащихся и родителей не устаем говорить слова благодарности руководству района за возможность жить и трудиться в таких замечательных условиях, идти в ногу со временем. Конечно, в работе нашей школы существует множество сложностей, но педагогический коллектив стремится их преодолеть, акцентируя внимание на развитии личности ребенка, индивидуальности и творческих

начал, беря за основу постулат: «Быть на уровне времени, быть востребованным и успешным, быть компетентным и конкурентоспособным!».

Наша школа старается всегда быть в авангарде всех дел и свершений. Радуют успехи наших учителей и учеников, которые ежегодно стабильно побеждают не только в районных, но и в областных и республиканских конкурсах. С новой школой пришли и новые победы. Так, мы успели завоевать 2-е место в областных педагогических чтениях, 2-е место в областном конкурсе психологов. Кроме того, мы представляли Алматинскую область на I Республиканском слете малокомплектных школ в г. Алматы, где работа по лучшему опыту управления удостоена 3-го места. Также в числе наград призовое место в областном конкурсе «Үздік ауыл мектебі - 2014 жыл». И, наконец, самая долгожданная и очень дорогая победа - 2-е место в рейтинге школ района. Мы очень горды своими достижениями, своим настоящим, с энтузиазмом двигаемся вперед и с большими надеждами смотрим в будущее.

Позвольте от души поздравить всех с юбилеем, пожелать крепкого здоровья, успехов, творчества и грандиозных побед! Всем - здоровья, мира и процветания!

Людмила КОТОВА, директор школы им. Лермонтова
На снимке: наш сплоченный коллектив

Көркемөнерпаздар байқауы

ҚАЗАҚТА ӘНСІЗ ӨМІР ЖОҚ

Өткен аптада биылғы жылы аталып өтілетін айтулы мерекелер Қазақ хандығының 550, Ұлы Отан соғысының 70, Ата заңымыздың және Ассамблеясының 20 жылдықтарына арналған аудандық көркемөнерпаздар байқауы басталды. «Қазақта әнсіз өмір жоқ» деген екен халқымыздың мінез-құлқын, әдет-ғұрпын зерттеген батыс жиһангершілері. Шынында да ата-бабаларымыздың өмірі әнмен өріліп, күймен күптелді. Шілдехана күзеткен кәрі-жастан бастап өлген күйеуін жоқтаған жесір әйелге дейін бәрi де сөзбен жеткізе алмайтын сезім тасқынын ән арқылы жеткізгені, күнi-бүгiнге дейiн ел арасында айтылады. Осы дәстүрдi ұзiп алмас үшiн, бiздiң ауданда жүй сайын ауыл округтерi өнерпаздарының байқауы өткізіліп келеді. Ағымдағы жылы оның мәні жоғарыдағы даталардың маңыздылығына байланысты арта түсетіні анық.

Тастөбелер шағымылдыңын түрді

Жыл құсындай сағынтып жеткен шараның шымылдыңын Тастөбе ауылының тұрғындары түрді. Елді мекенде мәдениет ошағы болмаса да халықтың өзі белсенділік танытып ұйымдасуының арқасында бас-аяғы бүтін, толыққанды, тартымды бағдарлама жұрт назарына ұсынылды. Өрине, бұл жерде округ әкімі Ермек Нұрғалиев пен мектеп директоры Гүлмира Қондыбава ұйытқы болғанын айта кетпесек болмас. Басшылардың қолдауы дем берген болар, өнерпаздар жоқтан бар жасап көрермен қауымның сүйіспеншілігіне бөленді. Мүмкіншіліктерінің шектеулігіне қарамастан барлық он екі жанрды қамтыған олар өнерде қаражау еместіктерін дәлелдеді. Театралдық көріністі «Мәншүктің хатын» сәтті сахналаған драма үйірмесінің мүшелері, «Соғыстан қайтқан солдаттар» әнінің мазмұнын ашып, иірімдерін дәл келтірген қыздар вокалды тобы, батырлар ерлігі мен соғыс зардабын тартқан тыл еңбеккерлерінің қажыр-қайратын көркемсөзбен кестелеген Диамра Малдыбаева және Б. Нұсіпбеков, «Смуглянка» мен «Катюша» билерін өз деңгейлеріне сай ұршықтай иірілген бишілер тобы, «Бейбіт күнтілегі» шарықтатқан Алуа Қуанышева, халық әні «Айқарақөзді» қатқылдау дауысымен ырғағын сақтай толқытқан Дәмелхан Өмірқан, Майлықожақтың термесін шамасына қарай екпіндете лекіткен Ерболат Қанайкей, «Қазақ елін» қос дауыста шырқаған Т. Сұлтанов пен Ф. Ғабитова т.б. концерттің шырайын келтіріп, дәрежесін арттырды.

Шын жүйрік өрге шапса өршеленер

Жолбарыс округі жұртшылығының өнерін Қанабек ауылының мәдениет үйінің сахнасынан тамашалады. Материалдық базасы мен кадрлық әлеуеті зор ұжымның бағдарламасы екі удай күйде қалдырды. Кейбір орындалған шығармалардың бір қайнауы ішінде кеткені қынжылты. Дегенмен, толықтай алғанда қанағаттанғандық әсер қалдырды. Жанрдың бар түрі сарапшылар тезіне салынды. Сахна мәдениетімен қатар басқа да қойылған талаптар сақталды. Қашанғыдай әжелер ансамблі бағдарламаның түп қазығы болды. Хорда, вокалды топта және драмада бұл көрсеткен аналар қашанғыдай жақсы қырларынан танылды. Әсіресе, олардың «Сурапалы соғыс зұлматы» қойылымында, сол шақтағы «Красный восток» ауылындағы адамдар тіршілігі сюжетке арқау болған көріністерде өздеріне тапсырылған

кейіпкерлер образдарын шынайы, табиғи нанымдылықпен сомдауы көңіл қуантты. «Өнерге әркімнің де бар таласы» дегендей, аға буын өкілдеріне жатқандарына қарамастан өздерінің белсенділіктері, табандылықтары, әрі шеберліктерімен жастарға үлгі болған әжелердің іс-әрекеттерін айырықша атап өтуді парыз санадық. «Шын жүйрік өрге шапса өршеленер», - деп жыр жолдарында айтылатындай, соңғы бірер айда бірнеше аудандық шараларға қатысып қанжығасын майлаған Адалбек Нұрсұлтан бұл жолы да халық күйі «Ақ аралды» иін қандыра ойнап тыңдарман ықыласына бөленді. Корей әні «Бақыт құсын» нақышына келтіре сызылған Гүлмира Өлжанова, «Балбырауын» күйінің нақышын бұзбай тартқан ұлт аспаптар ансамблі, «Дубосекова зиратын» екі дауыста баяулатқан қыздар тобы, ақиық ақын Қасым Аманжолтың «Бауыржанын» патриоттық тебіреніспен оқыған Өлішер Алдоңғаров қазылар алқасынан оң бағаларын алды.

... Әсем ән мен төтті күй

Елтай округінің әкімі Айжан Баясилова өзі бас болып дөңгеленткен шарада залда иане шаныыр орын болмады. Елдің өнерге деген ықыласы алабыт болғанын осыдан-ақ көруге болады. Аядай сахна, өрине, өнерпаздарға таршылық етті. Соған қарамастан олар білгендерінен жаңылмай «құлақтан кіріп бойды алар, әсем ән мен төтті күйді» нәсер жауындай төгілті. «Әугай домбыраны» әшекейлеп тамылжытқан Динара Байғұланова мен Жазылбек Болысбеков, қазылар мен көрермендердің тілегі бойынша үш бірдей халық әнін көпшілікті ынтықтыра, талықсыта, елжірете үзілдірген Жайдарбек Нұрмұхамед, классик композитор М. Төлебаевтың соғыс жылдары жазған «Кестелі орамалын» қан майдандағы ерлерге деген сағынышпен сызылта баяулатқан әжелер ансамблі, шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүкті сұлу үнді дауыстарымен әспеттеп, жоғары талғаммен сары алтындай мүсіндеген қыздар вокалды тобы, бір шаңырақ астында көздің жауын алатын әдемі өрнек суретін кестелеп халықтар достығын (қазақ, өзбек, татар, ұйғыр, орыс, корей) айшықтаған және «Көктем гүлі» құлпытртқан бишілер шоғыры, «Ахау керімді» құстың қос қанатындай қалықтатқан Күміс Қайса, Құрманғазының «Адайын» күмбірлеткен ұлт аспаптар ансамблі т.т. жұртшылықтілтипатына бөленді.

Бір атаның баласындай

Ескелді мәдениет үйінің басшылығына жоғары білімді маман Мұрат Жанысовтың келуіне, әрі



округ әкімі қызметіне жас өрен Рүстем Бекбо-сыновтың тағайындалуына байланысты мәде-неит саласында жағымды жаңалықтар күткен едік. Ойымыз ақталды десе болады, сапалық деңгейдің өскендігі байқалды. Таза қазақ ауылдарындай емес бұл өңірде басқа да этнос өкілдерінің қоныстануына орай өздеріне ғана тән, сөзбен айтып жеткізе алмайтын айырықша аура бар. Бұл жай әлеуметтік, интеллектуалдық ортада әрдайым ескеріліп ешкімді нәсіліне қарай шеттетуге, сыртқа тебуге жол берілген емес. Бұл жолы да барлық диаспора мүшелері «бір қолдың саласындай, бір атаның баласындай» жұмылып өнерлерін ортаға салды. Ленинград қаласы үшін болған қанды қырғында 78 ғрымті жер жастандырған сұр мерген Өліяның ерлігін кескіндеген Дзержинский (Үкіметтің шешімімен жуырда бұл оқ ордасына Рейх-стаққа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаев есімі берілді. Сүйінішті хабар осы шарада айтылды.) мектебінің мүғалімдері, төрт дауыста «Тәуелсіз Қазақстан» әнін жоғары-төмен лықсытып, сан толқыта шарықтатқан хор ұжымы (жетекшісі Н. Ким), ашық, таза үнді дауысымен көркем-сөздің шырайын келтірген Жігер Құрмет, «Машрап» биін жорғалатқан Гүлбостан Исраилова, құрамын жаңадан жасақтап «Тепеңек» күйін екпіндеткен ұлт-аспаптар ансамблі, «Құстар қайтып барады» лирикалық әнін әсемдеті талықсытқан Аңсалған Сүлейменова мен Мұрат, көрерменді қымызбен суарып риза еткен бишілер тобы, «Диарымды» шалықтатқан Зейнеп Тохтахунованы атап өтуді жөн көрдік

Сахна көркі әжелер

Келесі кезекте байқау тезіне шыққан Айту ауылдық округінің өнерпаздары да жерге қаратпай, өздерінің бедел-бейнелеріне (имиджіне) сай деңгейде бағдарлама көрсете білді. Адам қарасы көп жиналған ортаға аудан әкімшілігінде өткен жиынан кешігіп жеткенімен әкім Бопы Батырбаев та өз өнерпаздарының шуақты да әсерлі бағдарламасының шет жағасын көріп қалды. Бұл қызметке таяуда ғана бекітілген азаматқа жемісті қызмет тілей отыра, мәдениеттің де көшін түзей жүргенін қалар едік. Ал жергілікті оқу ордасының тізгінін күні кеше ұстаған Сәуле Үсенова болса ұстаздар мен оқушыларға өзі бас болып, тұрғындарға үлгі көрсете отыра жауапты істің ауыр жүгін бір адамдай көтерді. Сынақтың өзіне келер болсақ үш дауыста «Қазақ елін» серпілтіп самғатқан, болашақта Жанар Дүгаловадай жезтаңдай әнші боламыз деген талдырмаш бойлы ару қыздар Айнұр, Аяулым, Томирис, деленбі қоздырып, намысты ханатын патриоттық әнді сырнайға қосыла көкке өрлеткен өнер ардагері Тұрсын Құрманбекова, талшыбықтай майысқан бишілер тобы, «Көңіл толқынын» жүрек қылын шерте тартқан Шалқаржан Мұрат, танымалы өнерпаз, әрі жақсы азамат Рахымғали Өтегеновтың жетекшілігімен бірнеше ән мен көріністерді шалқар шабытпен орындап сахнаның сәні мен көркі болған әжелер ансамблі, «Елге сәлемді» жұмсақ тембрлі дауыстарымен тамылжытқан ақылдарына көркі сай Гүлнұр Иманқұлова мен Айман Тамбетова, есімі ісі қазақ мәлім Кененнің «Бастауың» шығандатып шалықтатқан мереке иесі, мәдениет үйінің директоры Мая Керімбаева, назды биді табиғатына сай

төгілдірген Анар Аханова, драмалық көріністі ойдағыдай сахналаған оқушылар легі, бейбітшіліктің символы «Ақ көгершін» әнін аспаптағы аққудай жүз құбылтқан әсем дауысты қыздар тобы және кештің соңғы нүктесін «Қазақ өзі осындай» шығармасын жоғары екпінмен, ұлтына деген мақтанш сезімімен оттай жанып қойған Назерке Бауыржанқызы, сонымен қатар қос өр-кештей жарасып бағдарламаның әрін келтіріп, орындалған шығармалардың мазмұнын жыр шумақтарымен ашып отырған Арайлым Амантаева мен Абзал Өтегенов қандай да мақтауға лайық екендіктерін айқын аңғартты.

Көңіл құсын құйқылықтан бағдарлама

Иі қанған, бояуы қаныққан концерттік бағдарламаның бірегейі Балпық ауылдық округінен қылаң берді. Музыкалық сауаты жоғары мамандар Роза Мырзахметова мен Анар Байгөбек білек сыбана кіріскен рухани шараның көңіл марқайтар тұстары көп болды. Ян Френкельдің сазды да сабырлы «Журавли» әнін оюлап, кестелеп әдемі айтқан хор, адамды өзіне баурап әкететін дауысының ерекше тембрімен, жаны жаралы жетімдердің шерін, жүректің нәзік қылдарын сыздаста отырып жеткізе білген Анар Қадирова, ойлары мен бойларын түзеп орыстың жан-дүниенді баурап алатын әні «Смуглянка» жаңбырдай сорғалатқан ұлдар тобы, халық композиторларының туындыларынан күй сайысқа түсіп, бірін-бірі өкшелей отыра күй тасқынын бірде өршітіп, бірде баяулатып, соңынан тұлпар шабысқа ұластырған Әдемі Мадиярқызы мен Аяжан Дүгали, тәлім-тәрбиенің мектебі саналатын, жақсы мен жаманының ара-жігін айыратын термеден маржан терген Жанкелді Исабеков, айдын көлдей аққудың қымылын көз алдыға келтірген биші қыз Әдемай Төлегенқызы, «Қоңыр» күйін нақышына келтіре қоңырлатқан «Әсем қоңыр» ұлт-аспаптар ансамблі мен Сүгірдің «Ыңғай төгін» тыңнан түрен сала отыра тарихпен байланыстырып, ақпараттық ағынды төпелеткен фольклорлық ансамбль, ән мен биді қатар өріп халықтар достығын бейнелеген композициялық көрініс, тасқындаған халық әні «Халқымаңы» өршіл үндерімен аспандатқан Гүлжан Мырзагелді мен Әдемі Оңдасын, биден кесте тігіп, ою салатын қабилеті бар «Жауқазын» тобының назды да сазды өрнегі, қазақ музыкасының алыбы С. Мұхамеджановтың көктемнің самалындай жұмсақ «Тербеледі тың дала» шығармасын жібектей соза есілкен қымыздай құлпытқан қыздар тобы, «Көшпенділер» трилогиясынан дәмді үзінді қойған драма үйірмесінің ұл- қыздары, әсем де әсерлі үнімен «Ағажан» әнін несе алуан түрлендірген Айжан Нұрасылова, әуені көркем «Баба-лар үнін» эстетикалық талғаммен орындаған «Інжу- маржан» тобы, еркіне жіберсе дауысы алысқа кететін, әншілік құлашы кең, от мінезді Гүлжан Мырзагелді бастап, өнерлі топ қостаған әншілердің финалда шырқаған туындыларын шырқытау шегіне жеткізуді көңіл құсын күйкылжытып, бойды қорғасындай балқытты.

Алдағы аптаның соңында байқау жалғасын табады.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ